**Хаттама № 2**

**Тасқала ауданы «Балалар музыка мектебінің» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүгінгі күннің талабы»**

**Тасқала ауылы** 22 **сәуір 2022 жыл**
**сағат 16:00**

**Қатысқандар: Ұстаздар, кіші қызметкерлер**

**Күн тәртібі:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүгінгі күннің талабы;

**Қобыз класының оқытушысы Жумакаева И.И.**

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдық пен күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Қаулы етті:**

Сыбайлас жемқорлық заман ағымымен өсуіне байланысты өркендеп қоғамдық бәсекелестіктің айналасына тамырын жаюға кедергі жасау мақсатында пара беру жолын кесу тұрғысындағы қоғамның түсінігін қалыптастырып, соның жолын болдырмау.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
**Іс-қимыл жөніндегі уәкілі:** **С.Джанаев**
**Хатшы:** **А. Файзуллина**